



## КЕЛІСІЛДІ

Алматы қаласы ҚДБ-ның  
ШЖҚ «Қалалық паллиативтік  
көмек орталығы» КМК-ның  
Бақылау кеңесінің төрайымы

 Кунирова Н.Ж.  
«04»  2022 г.

## БЕКІТЕМІН

Алматы қаласы ҚДБ-ның  
ШЖҚ «Қалалық паллиативтік  
көмек орталығы» КМК-ның  
директоры

 Аяганова А.С.  
«04»  2022 г.

### ШЖҚ «Қалалық паллиативтік көмек орталығы» КМК-ның Комплаенс қызметі туралы ереже

#### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) негізінде шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық паллиативтік көмек орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы сәйкестікті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыруға жәрдемдесу мақсатында әзірленді

2. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – Кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі Кәсіпорын бөлімшелерінің біріне жүктелген функция;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері – құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен еншілес, тәуелді, үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

3) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл адамдардың жеке мүдделері олардың қызметтік міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін.

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – сыбайлас жемқорлық белгілері бар, заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген заңсыз кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің профилактикалық іс-шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

## **2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің мақсаттары, міндеттері, принциптері мен функциялары**

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің негізгі мақсаты Кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының орындалуын бақылау болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі сыртқы нормативтік талаптардың және озық халықаралық тәжірибенің сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Кәсіпорын басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтаудың тиімділігіне мүдделілігі;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың жүйелілігі;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің ақпараттық ашықтығы;

5) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтауды жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтауды жақсарту.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне мынадай функциялар жүктеледі:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Кәсіпорынның стандарттары мен саясатын әзірлеу және жаңарту;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

4) мүдделер қақтығысын анықтау, бақылау және шешу, оның ішінде жұмыспен қамту мәселелері бойынша шаралар қабылдау;

5) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;

6) Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін сақтауын бақылау;

7) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес азаматтық және кәсіпкерлік-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

8) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария етуді қамтамасыз ету;

9) Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы арыздар (шағымдар) бойынша ішкі аудит жүргізу және/немесе оларға қатысу;

10) Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуге көмек көрсету;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот тәжірибесіндегі өзгерістерге мониторинг жасау және талдау;

13) азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, іскерлік этика мен адалдықты, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті түрде сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

14) қаржылық операциялардағы контрагенттерді тексеру;

15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған шаралар туралы есептер мен ақпаратты ұсыну;

16) байқау кеңесіне, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның басшысына атқарылған жұмыс туралы жыл сайынғы есеп беру.

### 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің құқықтары мен міндеттері

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің маманы құқылы:

1) Кәсіпорынның ішкі құжаттарымен реттелетін бекітілген рәсімдер шеңберінде Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінен мәліметтер мен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтындарды сұратуға және алуға;

2) Кәсіпорынның Бақылау кеңесінің қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді енгізуге бастамашылық етуге;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзу туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық етуге;

4) өз құзыреті шегінде ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысуға;

5) Кәсіпорынның басшылары мен басқа қызметкерлерінен қызметтік тексерулер шеңберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етуге;

6) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қарауына тапсыруға.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің маманы міндетті:

1) Кәсіпорын туралы ақпаратты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің функцияларын орындау кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпаратты құпия сақтауға;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша басқа да ішкі саясат пен рәсімдерді бұзу фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы Байқау кеңесінің мүшелерін уақтылы хабардар етуге;

4) Кәсіпорын қызметкерлерінің іс-әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, материалдарды тиісті дәлелдемелермен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі уәкілетті органға беруге;

5) Кәсіпорынның белгіленген жұмыс режиміне кедергі жасамауға;

6) қызметтік және кәсіби этика талаптарын сақтауға.

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

#### 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру тәртібі

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Бақылау кеңесінің шешімімен құрылады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі мамандарының құрылымын, штат кестесін, функционалдық міндеттерін, құқықтары мен жауапкершіліктерін Бақылау кеңесімен келісе отырып Кәсіпорынның бірінші басшысы бекітеді.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлімшелерден тәуелсіз, Бақылау кеңесіне есеп беретін бөлімше болып табылады.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлімшелерінің құзыретіне жататын жұмыстарға, сондай-ақ оның құзыретіне жатпайтын бағдарламалар мен жобаларды дайындауға немесе орындауға тартылуы мүмкін емес.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің қызметкерлері мүдделер қақтығысына (жүргізіліп жатқан шаралар аясында қаржылық, мүліктік, отбасылық немесе өзге де мүдделердің болуы) әкеп соғуы мүмкін іс-шараларға (аудиттерге, қызметтік тексерулерге және т.б.) қатыспауы керек.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің қызметкерлеріне Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының ережелері қолданылады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кәсіпорынның ішкі құжаттарында белгіленеді.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтеріне әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің маманы жылына кемінде бір рет Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдаған кезден бастап, сондай-ақ басқа лауазымға тағайындаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын оқытады.

Оқыту нысандарын өткізу әдістерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі (дәрістер, семинарлар, тренингтер) дербес анықтайды.

17. Кәсіпорында ақпараттық арна (8 (727) 382-58-31 сенім телефоны) жұмыс істейді, ол арқылы азаматтар Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуы немесе ықтимал бұзылуы туралы ақпаратты хабарлай алады немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізе алады..

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар туралы есептер мен ақпаратты жібереді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қабылданған шаралар туралы есеп береді:

1) жыл сайын Кәсіпорынның Бақылау кеңесіне, сондай-ақ Кәсіпорын басшысына;

2) жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін оны Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында жариялайды.

20. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы акт Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында жариялануға және ұйымның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізілуге тиіс.